



Бекітемін
Мектеп директоры

Ж.Байжанов

Келісілді
«Қамқоршылық кеңес»
төрағасы


А.Маймақов

**«Қызылорда облысы білім басқармасының Қызылорда қаласы
бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі
№39 «Қызылөзек» орта мектеп мемлекеттік коммуналдық мекемесі
«Қамқоршылық кеңес» мүшелерінің 2023 жылына арналған жұмыс
жоспары**

Қызылорда қаласы, Қараөзек ауылы

«Қызылорда облысы білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі
№39 «Қызылөзек» орта мектебі мемлекеттік коммуналдық мекемесі
«Қамқоршылық кеңес» мүшелерінің 2023 жылына арналған жұмыс жоспары

№ р/с	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар
I	Ұйымдастырушылық жұмыс		
1.1.	ҚР БҒМ 27.07.2017 ж № 355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің жаңа үлгілік қағидаларымен танысу	Қаңтар 1 – 2 апта	Қамқоршылық кеңестің төрағасы А.С.Маймақов Мектеп директоры Ж.Байжанов
1.2.	Мектептің күнделікті қызметімен танысу (жайлы, қауіпсіз жағдай жасау, оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру, тамақтану, әлеуметтік – мәдени, сауықтыру, дамыту іс- шараларын өткізуге көмек көрсету, мектеп психологының қатысуымен оқушылармен әңгімелесу өткізу)	Қаңтар 3 апта	Қамқоршылық кеңес мүшелері
1.3.	Мектеп дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында №39 «Қызылөзек» орта мектептің Даму бағдарламасымен және жылдық жұмыс жоспарымен танысу	Ақпан 1 апта	Қамқоршылық кеңес мүшелері
1.4.	Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруде мектеп қызметкерлеріне көмектесу	Ақпан 2 апта	Мектеп әкімшілігі
1.5.	Балалар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында СӨС орталығы, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен, дінтанушылармен	Ақпан	Қамқоршылық кеңес мүшелері

	кездесулер ұйымдастыруға көмектесу	3 -4 апта	
II	Қаржылық - қайырымдылық көмек		
2.1.	Мектепке қайырымдылық көмек түрінде түскен ақшалай қаражатты бөлуге қатысу («Білім туралы» ҚР Заңының 61, 64 б. сәйкес ақысыз негізде ерікті түрде)	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2.2.	Мектепті дамыту үшін қайырымдылық көмек көрсету мақсатында демеушілерді, мектеп түлектерін тарту.	Наурыз 1 апта	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2.3.	Мына бағыттар бойынша қайырымдылық көмектен түскен қаражатты мақсатқа сай жұмсау: мұқтаж оқушыларды әлеуметтік қолдау; мектептің материалдық - техникалық базасын нығайту; спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау	Наурыз 2 апта	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2.4	Жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген материалдық көмекті ұйымдастыру бойынша комиссия отырысына қатысу	Қараша, қаңтар, мамыр айлары	Қамқоршылық кеңес мүшелері
III	Бақылау		
3.1.	Жетім балаларды, қамқорлықтағы және рейдтің қорытындылары бойынша аз қамтылған отбасынан шыққан балаларды тексеру нәтижелерімен таныстыру	Наурыз 3 апта	Қамқоршылық кеңес мүшелері
3.2.	Мектеп оқушыларының құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылау жүргізу	Наурыз 4 апта	Қамқоршылық кеңес мүшелері
3.3.	Оқушыларды ыстық тамақтандыру және медициналық қызмет көрсету сапасын бақылау мониторингімен танысу	Сәуір 1 апта	Қамқоршылық кеңестің ұйымдастырушылық тобы

3.4.	«Түнгі ауылдағы балалар» рейдіне көмек көрсету	Сәуір 2 апта	Қамқоршылық кеңестің арнайы тобы
3.5.	Директордың мектеп қызметі, соның ішінде білім беру қызметтерін сапалы көрсету, жұмыс қорытындылары, қайырымдылық көмектің қолданылуы туралы есептерін тыңдау.	Тоқсанына 1 рет	Қамқоршылық кеңес мүшелері
3.6	ЖМОҚ есебінен оқушыларды бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру жұмыстарын қадағалау	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңес мүшелері Әлеуметтік педагог
3.7	Оқушылардың қорытынды аттестаттауға дайындық мәселелері бойынша педагогикалық кеңестің жұмысына қатысу	Сәуір 3 апта	Қамқоршылық кеңестің төрағасы А.С.Маймақов Мектеп директоры Ж.Байжанов
IV	Қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырыстары		
4.1.	I отырыс Күн тәртібінде 1. Қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстыру, қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту 2. ЖМОҚ есебінен оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру 3. Оқушылардың III тоқсанға дайындығы, оның ішінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың дайындығы	23.01.2023ж.	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелері
4.2	II отырыс Күн тәртібінде 1. Оқушылардың жазғы демалысын және қала сыртындағы лагерьге баруын ұйымдастыру 2. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша	24.04.2023ж.	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелері

	бірлескен акция 3. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың мүлкінің сақталуы және оқу үлгерімі		
4.3.	III отырыс Күн тәртібінде 1. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға көмек көрсету және қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдер, оларды тағайындау туралы 2. Мектептің 2023-2024 жаңа оқу жылына дайындығы, мектептің жылдық жоспарын қарау 3. ЖМОҚ есебінен әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсетуді ұйымдастыру 4. ЖМОҚ есебінен оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру	08.08.2023ж.	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелері
4.4.	IV отырыс Күн тәртібінде 1. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету және дарынды балаларды зияткерлік, шығармашылық және спорт қызметінде қолдау 2. Қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдердің есебі және демеуші тарту жұмыстары туралы 3. Оқушылардың оқулықтармен қамтылуы	19.12.2023ж.	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелері
Ү	Ұйымдастырушылық жұмыс		
5.1.	Мектептің күнделікті қызметімен танысу (жайлы, қауіпсіз жағдай жасау, оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру, тамақтану, әлеуметтік – мәдени, сауықтыру, дамыту іс- шараларын өткізуге көмек көрсету, мектеп психологының қатысуымен оқушылармен әңгімелесу өткізу)	Қыркүйек 2 апта	Қамқоршылық кеңестің мүшелері, мектеп әкімшілігі ДТІЖО
5.2.	Жыл бойы жүзеге асыралатын «Мектепке жол» қайырымдылық	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңес

	акциясына демеуші тарту жұмыстарын жетілдіру	3-4 апта	мүшелері
5.3.	«Жаңа жыл-2024» жаңа жылдық мерекесін ұйымдастыру және демеушілерді тарту	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңес мүшелері Әлеуметтік педагог
ҮІ	БҰ қызметі мәселелері бойынша мектеп іс –шараларына, конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысу		
6.1.	Оқу жылы барысында іске асырылатын іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу	Қазан 1 - 2 апта	Қамқоршылық кеңес мүшелері
6.2.	Жалпы мектептептік ата-аналар жиналыстары, қоғамдық тыңдалымдарға қатысу	Қараша 1 -2 апта	Қамқоршылық кеңес мүшелері
6.3.	Мектеп базасында инклюзивті оқыту және жайлы орта құру бойынша қалалық семинарға қатысу	Қараша 3 апта	Инклюзивті сыныптар Қамқоршылық кеңес мүшелері
6.4.	Оқушылардың өзіндік басқармасы мен Қамқоршылық кеңес органдарының жұмыс мәселелері бойынша директорлар кеңесінің жұмысына қатысу.	Қараша 4 апта	Қамқоршылық кеңестің төрағасы А.С.Маймақов Мектеп директоры Ж.Байжанов

«Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №39 «Қызылөзек» орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 2022-2023 оқу жылында 2022 жылы 26 қарашадағы №2 жарлығы 77 бөліміндегі бастауыш сынып оқушыларын бір мезгілдік ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында қамқоршылық кеңестің кезектен тыс отырысының ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қаласы, Қараөзек ауылы, Е.Дәуітбаев көшесі №2 үй сағат 10⁰⁰
06.01.2023ж

Қатысқандар: қамқоршылық кеңестің 9 мүшесі

Шақырылғандар: мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 жарлығы 77 бөліміндегі барлық бастауыш сынып оқушыларын бір мезгілдік ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөнінде

Тыңдалды

Мектеп директоры тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоқыбасов Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 жарлығы 77 бөліміндегі барлық бастауыш сынып оқушыларын бір мезгілдік ыстық тамақпен қамтамасыз ету керектігін айтты. Осы жарлық негізінде қосымша қаржы сұралу керектігі айтылды.

Мектеп әлеуметтік педагогы Ж.Сапаржанова осы жарлыққа сәйкес жұмыс жасау барысында мектеп бойынша бастауыш сыныптарда 179 оқушы бар. Оның 90 оқушысы «Жалпыға міндетті оқу қоры есебінен» ыстық тамақпен қамтылып отыр және 1 ерекше білім беруді қажет ететін оқушы бар екендігін айты. Бастауыш сыныптан 89 оқушыға қаржы сұралады. Сонымен қатар 2 ауысым бойынша кесте жасалып, оқушылардың тамаққа уақытылы баруына жауапты сынып жетекшілер болатынын ескертті.


Қамқоршылық кеңес төрағасы А.Маймақов ел Президентінің жарлығына сай барлық бастауыш сынып оқушыларының бір реттік ыстық тамақпен қамтылуы өте орынды шешім болатынын айтып өтті.

Қаулы:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 жарлығы 77 бөліміндегі барлық бастауыш сынып оқушыларын бір мезгілдік ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

Қамқоршылық кеңес мүшелері



А.С.Маймақов

Б.Ж.Алмағанбетов

Г.С.Жусупбекова

Е.Е.Кенжеғалиев

Хатшы

Ө.Д.
Ж.К.
А.К.
Л.Р.
Ж.А.

Ә.Д.Өмірғалиев

А.Қ.Жусупов

Ж.Қ.Ахет

А.Қ.Иманов

Л.Р.Айтбаева

Ж.А.Сапаржанова

**№39 «Қызылөзек» орта мектебінің қамқоршылық кеңес
№1 отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Күні: 23.01.2023 жыл .

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры – Ж.Байжанов
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары – С.Қоқыбасов
3. Қамқоршылық кеңес мүшелері – 9
4. Хатшы – Ж.Сапаржанова

Барлығы: 13 адам

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстыру, жұмыс жоспарын бекіту
2. ЖМОҚ есебінен оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру
3. Оқушылардың ІІІ тоқсанға дайындығы, оның ішінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың дайындығы

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, мектеп директоры Ж.Байжанов сөз алды. №39 «Қызылөзек» орта мектебінің қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелері «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленген. Қамқоршылық кеңестің құрамы, құрылымы және қызметі аталып өтті. Қамқоршылық кеңестің құрамы 3 жыл мерзімге сайланады.

Қамқоршылық кеңесінің отырысында сайланатын оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады. Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан арнайы өкілеттісіз әрекет етеді, оны білім беру ұйымының, мемлекеттік органдар және басқа да тараптар алдында таныстырады. Төраға Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы ережелерге сәйкес қамтамасыз етеді.

Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасарын Қамқоршылық кеңес сайлайды.

Хатшыны Қамқоршылық кеңес сайлайды және ол Қамқоршылық кеңестің іс-қағаздарын жүргізуге жауап береді.

Қамқоршылық кеңес қызметінің мақсаттары:

1. Білім беру ұйымына оның жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал ету.
2. Білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында білім беру ұйымының оқушылары мен педагогикалық ұжымы үшін қажетті жағдайлар жасау.
3. Білім беру ұйымының әрі қарай дамуына ықпал ету болып табылады.

Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылында атқаратын жұмыс жоспарының бекіту туралы айтылды. Қамқорлықтағы балаларды санаттары бойынша топтау, материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау, зерттеу, оқушылардың сабаққа қатысуын және тәртібін бақылауға алуға көмектесу, оқушылардың әлеуметтік картасын жасақтауға көмектесу, жетім, жартылай жетім және отбасылық жағдайы төмен аз қамтылған жанұяның балаларының үй-тұрмысымен танысып, АКТ жасауға көмектесу.

Мектеп директоры – Ж.Байжанов Қамқоршылық кеңесіне оқушылардың болашағы үшін, аянбай, бірлесе жұмыс жасауға шақырды.

2. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоқыбасов екінші мәселе бойынша сөз алды. Қаңтар айының 09 күні мектеп арендаторы Г.Махамбетовамен қосымша келісім шарт жасалып, мектебімізде 1-4 сынып оқушылары толық ыстық тамақпен қамтылды. ЖМОҚ есебінен барлығы 280 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылуда.

3. үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог –оқушылардың ІІІ тоқсанға дайындығы, оның ішінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың дайындығы жайында мәлімет берді.











Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңес жұмысы жандандырылсын.
2. ЖМОҚ есебінен бір мезгілдік ыстық тамақ сапасы, берілуі қатаң бақылау басты назарға алынсын.
3. Оқушылардың тоқсан бойы сабаққа дайындығы одан әрі қадағалансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

Қамқоршылық кеңес мүшелері

Хатшы

	А.С.Маймақов
	Б.Ж.Алмағанбетов
	Г.С.Жусупбекова
	Е.Е.Кенжеғалиев
	Ә.Д.Өмірғалиев
	А.Қ.Жусупов
	Ж.Қ.Ахет
	А.Қ.Иманов
	Л.Р.Айтбаева
	Ж.А.Сапаржанова

№39 «Қызылөзек» орта мектебінің қамқоршылық кеңес
№2 отырысының
ХАТТАМАСЫ

Күні: 24.04.2023 жыл .

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры – Ж.Байжанов
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары – С.Қоқыбасов
3. Қамқоршылық кеңес мүшелері – 9
4. Хатшы – Ж.Сапаржанова

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың жазғы демалысын және қала сыртындағы лагерьге баруын ұйымдастыру
2. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция
3. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың мүлкінің сақталуы және оқу үлгерімі

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоқыбасов оқушылардың жазғы демалысын мектеп жанындағы және қала сыртындағы лагерьге баруын ұйымдастыру. Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектебімізде жазғы мектеп лагері жұмыс жасайтын болады. Оған бірінші кезекте әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылар жұмылдырылып, арнайы жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралар өтетін болады. Ондағы басты мақсат – оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Мектеп лагерінде сабақ үлгермі төмен оқушылар ойын форматындағы қосымша сабақтардан өтіп білімін шындап, түрлі спорттық сайыстарға қатысатын болады.

Сонымен қатар оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру қызметі қала сыртындағы лагерьлерге бару арқылы ұйымдастырылатын болады. Биыл мектеп жанындағы лагерьге 40 бастауыш буын білім алушыларынан, 37 оқушыны қала сыртындағы лагерьге жіберу жоспарланып отыр.

2. Екінші мәселе бойынша мектеп директоры сөз алды. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция. 2020 жылдың 01 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы экология және биологиялық әртүрлілікті қорғау мәселелеріне қатысты Қазақстан халқына жолдауында биологиялық әртүрлілікті сақтау мен ұтымды пайдаланудың ұзақ мерзімді жоспарларын бекіту, сондай-ақ бес жыл ішінде орман қорында 2 миллиардтан астам және елді мекендерде 15 миллион ағаш отырғызу бойынша тапсырма берді. Ағымдағы жылдың 21 наурызында «Жасыл мекен», «Бұл – менің ағашым», атты науқандары басталатынын айтты. Осыған орай мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында ағымдағы жылдың 21 наурызында жаратылыстану бірлестігінің ұйымдастыруымен «Атадан мал қалғанша, тал қалсын..." ағаш отырғызу іс-шарасы жүргізілетінін және іс-шараға мектеп ұжымы, еріктілер, оқушылар, ауыл тұрғындарын шақырмыз. Алдағы уақытта мектеп ауласына теплица кешенін құруды жоспарлап отырғандығын да айта кетті.

3. Үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Ж.Сапаржанова сөз алып, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың мүлкінің сақталуы

және оқу үлгерімі, денсаулығы 6 ай сайын бақыланып, қамқоршылар есебі Қызылорда қалалық білім бөліміне тапсырылатынын айтты.

Қаулы:

1. Оқушылардың жазғы демалысын мектеп жанындағы және қала сыртындағы лагерьге баруын ұйымдастыру, қауіпсіздігін қамтасасыз етілсін.
2. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акциялар жандандырылсын.
3. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың мүлкінің сақталуы және оқу үлгерімі, денсаулығы бақылауға алынсын.
- 4.

Қамқоршылық кеңес төрағасы



А.С.Маймақов

Қамқоршылық кеңес мүшелері



Б.Ж.Алмағанбетов



Г.С.Жусупбекова



Е.Е.Кенжеғалиев




Ө.Д.Өмірғалиев



А.Қ.Жусупов



Ж.Қ.Ахет



А.Қ.Иманов



Л.Р.Айтбаева

Хатшы



Ж.А.Сапаржанова

**№3 отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Күні: 08.08.2023 жыл .

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры – Ж.Байжанов
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары – С.Қоқыбасов
3. Мектеп кәсіподақ төрайымы – Л.Елубаева
4. Қамқоршылық кеңес мүшелері – 9
5. Хатшы – Ж.Сапаржанова

Күн тәртібінде

1. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға көмек көрсету және қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдер, оларды тағайындау туралы
2. Мектептің 2023-2024 жаңа оқу жылына дайындығы, мектептің жылдық жоспарын қарау
3. ЖМОҚ есебінен әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсетуді ұйымдастыру
4. ЖМОҚ есебінен оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоқыбасов «Мектепке жол» республикалық акциясы тамыз айының 2 жұлдызынан бастау алғанын айтып, әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға көмек көрсету және қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдер мектеп кәсіподақ төрайымы Л.Елубаеваның шотына түсіп, күнделікті ақпарат беріліп отырғандығын, оларды тағайындау туралы сөз алды.

2. Екінші мәселе бойынша мектеп директоры сөз алды. Жаңа 2023-2024 оқу жылы қарсаңында жөндеу жұмыстарына мектеп ауласына стадион, мектептің ішкі есіктерінің барлығы ақ түске сырланып, дәліздердегі едендерге кафель жабыстырылып, сынып іштеріне ленолиум төселіп жаңартылып, ішкі әжетханалардың барлығы толық жаңартулардан өткенігі жөнінде мәлімдеді. Жаңа оқу жылы қарсаңында толықтай дайын болатынын айтты. Материалдық және қаржылай көмекке Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкестігін анықтау мақсатында төмендегідей комиссия құрамын ұсынды

1. Мектеп директоры **Ж.Байжанов**
2. Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **С.Қоқыбасов**
3. Қамқоршылық кеңес төрағасы **А.Маймақов**
4. Қамқоршылық кеңес мүшесі **Б.Алмағанбетов**
5. Жоғарғы буын ата анасы **Б.Абуов**
6. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары **А.Абенова**
7. Әлеуметтік педагог **Ж.Сапаржанова**

3. Үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Ж.Сапаржанова сөз алып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы №64, 08.08.2022 № 544 қаулысына сүйене отырып, Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржы және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру мақсатында 02.08.2023 жылы бұйрық шығарылды. Жеке тұлғалардан келіп түскен өтініштерді №64 қаулыға сәйкес қабылдауды, орындалуын қадағалау 2023 жылдың 02 тамызынан бастап мектептің іс жүргізушісі А.Молдабекқызына тапсырылды. 2023 жылдың 09 тамызынан бастап, тұлғалардан келіп түскен өтініштерді №64 қаулыға сәйкес құжаттарды қабылдауды әлеуметтік педагог Ж.Сапаржановаға тапсырылатынын айтып өтті. Жеке

ұлғалардан келіп түскен өтініштерді саралау, әлеуметтік жағдайын тексеру, өткізілген құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкестігін анықтау 2023 жылдың 09 тамызынан бастап орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоқыбасовқа тапсырылатынын мәлімдеді. Және де 87 ата –аналардан 197 келіп түскен өтініштермен таныстырып өтті.

4. Төртінші мәселе бойынша да әлеуметтік педагог Ж.Сапаржанова сөз алып, ЖМОҚ есебінен оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру биыл EGOV.KZ порталы арқылы ата – аналардың өтініштерін электронды түрде қабылданатынын мәлімдеді.

Қаулы:

1. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында жиналған қаражат әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға кедергісіз мектепке клуді ұйымдастырсын.

2. Жеке тұлғалардан келіп түскен өтініштерді саралау, әлеуметтік жағдайын тексеру. құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкестігін анықтау мақсатында төмендегідей комиссия құрамы бекітілсін:

Комиссия төрағасы: Ж.Байжанов, мектеп директоры

Комиссия мүшелері: С.Қоқыбасов директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

А.Маймахов-камқоршылық кеңес төрағасы

Б.Алмағанбетов-камқоршылық кеңес мүшесі

Б.Абуов - жоғары буын ата анасы

А.Абенова- директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары

Ж.Сапаржанова әлеуметтік педагог

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы №64, 08.08.2022 № 544 қаулысына сүйене отырып құжаттарын карап, олардың кіріс көзі шын мәнінде жан басына шаққандағы шектік молшерден аспайтындығына көз жеткізіп, ата аналар өтініштері қанағаттандырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

Қамқоршылық кеңес мүшелері

А.С.Маймақов

Б.Ж.Алмағанбетов

Ғ.С.Жусупбекова

Е.Е.Кенжеғалиев

Ө.Д.Өмірғалиев

А.Қ.Жусупов

Ж.Қ.Ахет

А.Қ.Иманов

Л.Р.Айтбаева

Хатшы

Ж.А.Сапаржанова